

«Бар мейіріміміз балаларға»

Жүргізуші:

- Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар! Біздің балабақшада бүгін мереке. Біздің балаларымыздың өнерін тамашалауға қош келдіңіздер!

«Бар мейіріміміз балаларға» атты мерекелік ертеңгілігімізді ашып беру және мерекелік лебізін білдіру үшін балабақша басшысы **Текебаева Гүлнар Ошақбайқызына** сөз кезегін береміз.

Алақай ау, алақай!

Той тойлайық, балақай!

Тақпақ айтып, кезектесіп, бір бірлеп,

Кел, қосылып ән шырқайық, би билеп!

Алақай ау, алақай!

Ән шырқайық, балақай!

Ұғып сөзін тәрбиеші апаның,

Гүл жайнаймыз аясында Отанның!

Алақай ау, алақай!

Гүл жайнайық, балақай!

- Ендеше, алдарыңызда **«Көк байрағым»** әнімен **«Қарлығаш»** мектепке дейінгі ересек жас тобының бүлдіршіндерін қарсы алыңыздар.

Жүргізуші:

Үйренеміз өнер біз,

Шетімізден шеберміз:

Тақпақ айтып, ән шырқап,

Билеп билеп береміз-дей отыра **«Ботақан»** тобының қыздарын **«Қазақ қыздары»** биімен қарсы алыңыздар.

Жүргізуші:

Балғындардың ойында

Балауса арман бар ізгі,

Балғындардың ойынында

Ертеңгі істің бар ізі деп ортаға кішкентай ханшайымдарымызды шақырамыз.

“Балапан” кіші жас тобының қыздарын шақырамыз

Жүргізуші:

Бала, бала, баламыз,

Бақшамызға барамыз.

Одан көп - көп қызықтар
Күнде біздер аламыз-дей келе ортада **«Көгершін»** мен **«Құлыншақ»**
тобының бүлдіршіндерін «Егемен ел Қазақстан» әнімен қарсы алайық.

Жүргізуші:

Балғындардың үнінде
Көктемдегі бұлақ бар.
Балғындардың жүзінде
Жазғы жайма - шуақ бар.

Балғындардың көзінде
Тазалықтың сәні бар.
Балғындардың сөзінде
Даналықтың дәні бар- деп **«Қошақан»** тобының бүлдіршіндерін **«Отанның жас өркені»** әнімен қарсы алайық.

Жүргізуші:

Асыл әжем, мақтанышым менің де
Қонақ болып отыр міне төрімде.
Өзіңе арнап былай тәтті үніммен
Ән салатын кезім келді менің де –дей отыра **«Көгершін»** тобының
бүлдіршіні **Тасымбек Эсманурдың** орындауында **«Асыл әжем –аппағым»**
әнін қабыл алыңыздар.

Жүргізуші:

Балғындардың ойында
Балауса арман бар ізгі,
Балғындардың ойынында
Ертеңгі істің бар ізі!
Әзір титтей бойымыз,
Әзір балаң ойымыз,
Тек қуамыз ойын біз.
Дегенмен де, күн санап,
Өсіп келе жатырмыз,
Беске толған батырмыз! –деп **«Қарлығаш»** тобының ұлдарын **«Қырманға кел қалқатай»** биімен қарсы алайық.

Жүргізуші:

Ата көрген оқ жанар
Ана көрген тон пішер,- демекші ортаға **«Айгөлек»** биімен бақшамыздың
«Қошақан» тобының қыздарын шақырамыз.

Жүргізуші:

Күн нөсерін төгейік
Жырдан моншақ өрейік
Уа жамағат ал енді
Өнге кезек берейік
«Аспаптар» әнімен **«Қарлығаш»** пен **«Көгершін»** тобының
тәрбиеленушілерін ортаға шақырайық.
Тамаша! Рахмет сендерге балалар! Өнерлерін өрге жүзсін.

Жүргізуші:

Баламның табанына кірген шөгір, менің маңдайыма кірсейші дейтін әжелер
мен аталардан үлгі өнеге көріп келе жатқан кішкентай тентектеріміз
«Құлыншақ» тобының бүлдіршіндерін **«Батырлар»** биімен ортаға
шақырайық.

Жүргізуші:

Қысылып еш саспаңдар
Кәнеки би бастаңдар
Ата - әжелердің көңілін.
Бір көтеріп тастаңдар –дей келе **«Көгершін»** тобының қыздарын **«Парижге
саяхат»** биімен ортаға шақырамыз.

Жүргізуші:

Баршамызды бала тілмен баурайтын,
Бала деген бір бақыт қой самғайтын
Ата - ананың арманы мен тілегін,
Бала емес пе бал бұлақтан жалғайтын –деп ортаға **«Құлыншақ»** тобының
қыздарын **"Қазақ"** биімен қарсы алыңыздар.

Жүргізуші:Андас батыр ауылдық округінің әкімі Султаналиев Нурбол
Анарбекұлына сөз кезегін береміз.

Жүргізуші:

Жарайсыңдар, балалар.
Өн көмейден құйылды.

Қайғы бұлты шегінді.

Балалар мен дүние

Көрікті де, көңілді.

Құрметті қонақтар, қымбатты балалар! Бүгін естен кетпес керемет мерекелік шарамызды өткізіп отырмыз. Аспанымыз ашық, болашағымыз жарқын болсын. Осымен, **«Бар мейіріміміз балаларға»** атты мерекелік іс - шарамызды аяқтай келе **«Қарлығаш»** тобының қыздарын **«Қуыршақ барби»** биімен ортаға шақырамыз.





